

АНАТПОД

Анасторий
Таңбай

1990 жылдың
наурызбың 22-сінен
бастап шығады

Жапандағы жалғыз тау



Қазақ топырағында табиғаттың таңғажайып құбылыстары сирек емес қой. Біразын білеміз. Дегенмен жаратылыс жағынан жалпақ жүртқа әлі де беймәлімдеу, келбетін атамағанды жұмбақ бітімі түрлі қиялдарға жетелейтіні кездеспей қалмайды. Сондайда кенеттен көкжиектен алдан шыға келгенде тамсанып-таңырқауда шек болмай жатады. Әдетте, әсіресе ұшы-қырысыз далалық қалыпта көрініп елестейтін Арқада ұшырасуы ғажап әсерге бөлер еді.

Соның бірін сағым ойнаған, ұзақ азызықтан сарғайған құла түзде құдыретті, өзі қондыра қойғандай оқшау көріністі Алматы-Астана жолы бойында сапарға шыққандар күнбе-күн көріп те жүрміз. Әйткенмен, дәлірек айтқанда Ақшатау маңындағы сайын жазықта бір-бірімен құшақтасқан адыр-қыратта, бел-белестен дара қияқтанған тау елеусіз қала береді көбіне.

Бөлекше тұрпатына орай атауы қандай ғажап десенізші. Оның өзі бір хикаят дерлік. Осынау жаратылыстың жұмбақтығына сай ат қойған атабабалар тапқырлығына тағы бір қуә боласың. Тұсынан алғаш өтіп бара жатқанда еріксіз қадала көз тіккенімізді сезген серіктер «Әйгілі Толағай осы» дегенде елең еткеніміз есте. Құлақтан кетпей, кеудеде жатталып қалған сол азыз еске түсіп, табан астынан небір тәтті қиял шалқытып, жан сүйсінтіп өткен. Ал сол ауыздан-ауызға жеткен әңгіме былайша баяндалар еді.

...Есте жоқ ескі заманда бір ананың жалғыз ұлы болыпты. Оның туа салы-сымен күн санап өскен күш-қайратына ешкім тең келмепті.

Күндердің күнінде екі-үш жыл қатарынан қар тұспей, жауын тамбай ел күйзеліске ұшырапты. «Апым-ай, мына жапанда қыста баурайына қар, жазда басына бұлт үйіріп жер құтын келтірер биік төбе де болмады-ау» деп күрсінген ұлкендер уайымы құлағына жеткен әлгі алып бала Алтайдың ба, әлде Тарбағатайдың ба, көп шыңының біреуін арқалап ауыл маңына жеткізген екен дейді. Таумен қоса жауын да толассыз құя келіпті. Шаршаған бала арқасындағы құз астынан шығуға шамасы келмей үстін басып қалады. Сол ұланның аты Толағай болуынан тау да солай аталыпты.

Толағай атты таулар Марқакөл, Торғай, Жаңаарқа аймақтарында да кездеседі. Қайда да, қалайда да мұндай биіктірдің бітім бөлектігі бірден байқалады. Қай өлкеде де, жалпақ далада көк жүзіне жеке шанышылған шоқы шынымен әлдеқайдан әкеліп төңкерілгендей көрініп тұрады. Қарағанды аймағының Шет ауданы аумағындағы Толағай басына көтерілгенде көз жетер өңір алақанға салғандай төменде көсіліп жатады. Ол ол ма, шалқар жазықтан асып көкжиектен көксенгірленетін Тағылышының, Ортаудың, Бесшоқының, Ақшатаудың, Ақжалдың жоталары жонына шейін шалынады. Төскейі құлашы кең жайылған жазира. Тағы қайрандығы сол, Балқашқа қарайғы шөлейттеу, құмдауыт тақыр жер реңі Ақсу-Аюлы беткейінен бері шүйгінді, құнарлы атырапқа ұласады. Аңыздағыша арқалаған тау соңынан ілесе келгендей басын бұлт айналып, қойын-қойнауын қар толтыратын осы тұс жазы жаңбырсыз, көктемі нәрсіз болмайды. Жер-су аттарына байланысты аңыз-ертегілерге айналған хикаялар көп қой. Тілтанушылар тарапынан толағай сөзінің көне түп тамыры монғол тілімен төркіндес жеке, жалаңаш, тақыр, қу бас, толассыз соққан жел сияқты түрлі мағына беретіні айтылады. Монғолияда да Толгой атты жерлер бар делінеді. Ескі тілімізге бір табан жақын болған ақын атамыз Дулаттың «Төрт түлікке толтырды, толағай тұлдыр қыратты» деген жыр жолдарының бұлайша өрнектелуі тегіннен-тегін емес шығар. Аты ертегідей сұлу тау тұра көне түріндегі мағынаны білдіруіндей жақпар-жақпар тасты, өзге көзге ілігері жоқ жұтаң төбе. Бәлкім, сондықтан соған байланысты қойылған шығар. Эйтсе де аңыз дегенімізben, елі үшін жақсылық жасауға жанын пида еткен өрен есіміне астастырыла аталды ма деген ой да оралады. Онда баяндалуынан айнымай жапанда пайда болған ерек бейнесі соған меңзетті ме екен дейсің. Кім біледі, біреулер байқар, біреулер байқамас Ақшатау мен Ақсу-Аюлы аралығындағы осынау таудың жүрек тербетерлік жұмбақ сырьы ынтығарлық-ақ. Алайда, амал не дерсіз, бүгінде олай-бұлай ағылған жолаушылар оған көз тоқтатпай өте шығады. Аңыз-ертегі естіп, оқып, көкейге тоқып өспеген, өлке тылсымына өгей үрпаққа көп төбенің бірі көрінеді. Өзінің «Толағай» дастанында Әбділда Тәжібаев:

Ауысыпты заман талай,
Аталғалы тау Толағай...

Соны ұлкендер ертегі еткен.

Алыпты тау басып жатқан,

Ана сүтін тас бол қатқан,

Көреді әлі өткен, кеткен, – деп жырға қосқандай қандай жер екенін анадайдан аңғартар арнаулы белгі-тақтайша орнатылып қойылса, біреу болмаса біреу халық азызындағы қасиетті тауға сүйсіне қарап аялдар ма еді, талай замандардан ауыздан-ауызға көшкен ерлігі қөңіл толқытар ма еді дейсің. Бүгінгі толқынға мұны білгеннің пайдасы болмаса, зияны болмасы хақ, әрине.

Әйткенмен, бұдан гөрі де мынадай ой мазалайды. Айналамыздағы табиғат жаратылысының көз алдыда танығысыз өзгеруі кезінде мұндай күйінішті күй Толағай басына да келуі қаупі жоқ еместігіне сенім аз.

Әйткені, көріп-көніп келеміз, ішіміз удай ашып келеді. Мәселен, біз туып-өскен Нұра жақтағы Көкөзек ауылының қариялары жанындағы тәбе сыры туралы, яғни, басына Қолаң атты қыздың жерленуіне байланысты солай аталып кетуін әңгімелеп отыруши еді. Халық ақыны Қайып Айнабеков те ескілік ғұрып құрбаны болушы жігіттің сырттаны Кертінді мен Қолаң сұлудың адал махаббатын ардақтауға «Қолаң» дастанын арнағаны мәшінір. Міне, осы тәбе бір күні аяқ астынан қазылып, қырышық тасы жол тәссеуге әкетіле бастады. Ұлкендердің ел аузындағы төбені бұзуға реніші қаперге алынбады. Мектептегі балаң кезіміз ғой, біздің де өз тараپымыздан қарсылық білдірмекке жүк көліктері жолына топырақ үйіп, тас төгіп, шұңқырлар қазып тастауымыздан түк шықпады. Ақыры тәбе түбіне дейін қопарылып, еш жүрнағы қалмады. Тәбе өшүімен бірге Қолаң аты да

ұмытылды. Осылайша ел-жер тарихын елемеу кесірі жоғарыда аталғандай Толағайға да тимей кетпеуіне алаңдарлық жай бар. Астана-Алматы қүре жолы салына бастағаннан бері тасы мен қырышығын қолдануға көз тігілді. Ауыз бір салынса, мол салынып тоқтатуы қын соғары анық. Демек, тауды қаз-қалпында сақтау мәселесі ерекше ескерілу қажеттігін баса айтпасқа болмайды

Сондай-ақ, есте тұтуға лайық жайтың бірі – Толағай ғаламат, ғажап көрінісімен ғана қызықтырмайды. Оның баурайында, дәлірек айтсақ Тағылыға қарай 10-12 шақырым тұста тас қоршаулы обалар жүрнағы көрінеді. Академик Әлкей Марғұлан өзі бастап қазба жұмыстарын жүргізіп, зерттегендеге одан табылған алтынмен аптаулы сырғалар, әшекейлі моншақтар, құмыралар, басқа да бірқатар тұрмыстық заттар қола дәүірі кезеңіне жататынына қарағанда адамдардың ежелгі мекені екені аңғарылады. Бабалар ізіне қуәгер, тарихи мәні бар ғибадатханаларды қорғау тағы бір назар аудартарлық мәселе дер едік. Толағай көрінсе, бізге алыс қыырдан тау арқалап, туған топырағына жеткізіп жығылған бала елестейді. Мәселе азыз екендігінде ғана емес. Мәселе елін суюге, еліне пейілі мен мейірін төгуге аянбауға бөлейтін сәулетті әңгімелі таудың өлкеміз көркін келбеттендіріп тұруы

екендігінде десек, оны елеусіз етпеу, таныстыру мен таныту, сақтау мен қорғау керектігі өзінен-өзі туындаиды.

Кезінде бұл жай туралы бір көтерген едік. Қарап отырсақ ешқандай елеу-ескеру болмапты. Кайта айналып соғуымыз сондықтан. Ой салынар деген үзілмес үміт тағы.

«Біздей тарихы жоқ халыққа ертегіге қарап, ертеде бабалармыздың өткен тіршіліктерін жормалдауға болады» – деп Ахмет

Байтұрынұлының жазуындағы осынау тау соның бір параграфы дерліктей. Ертегілер де жайдан-жай тумаған. Тамыры тұңғиық тарих. Бізге жеткен бұл аңыздың оқиғасымен атасып жатуы кереметтігі де сонда ма деп ойлайсыз. Толағай атты тамаша ертегінің елесі барын ел біле түссе, қандай жақсы. Рухани нәріміздің көзіндегі мұндай ескеркіш әлемде сирек шығар. Оны сақтау, таныстыру қолға алынса, шатыр тігіп, қона жатып атпен асықпай аралауға немесе жүрдек көлікпен тамашалауға мүмкіндікі жасалса, экологиялық туризмнің қызығылышты нысанасына айналғалы тұрғаны тағы бар.

Сонымен Алматы мен Астана аралығындағы ұзақ жолдағы жалпақ дала төсінде еріксіз аялдатып, қызықтырап осындаидай тау барын біліңіз.

Тоқтаңыз, танысыңыз...

Айқын Несілбай